ЕГЕМЕНДІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ!

Республика күні 25 қазан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне арналған салтанатты жиында қазақстандықтарды ұлттық мерекемен құттықтады.

Қымбатты отандастар! Ұлық мерекеміз – Республика күні баршаңызға құтты болсын! Бұл – бүкіл халқымыз үшін мән-мағынасы ерекше және қастерлі мейрам! 25 қазанда ақжолтай құжат – Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Дәл сол күні ұлт жылнамасының жаңа кезеңі басталды. Көп ұзамай өз алдына дербес ел атандық. Тарихи әділдік орнап, қасиетті қазақ жеріне Тәуелсіздіктің алтын қазығы қағылды. Сондықтан бұл күнді Ұлы даладағы мемлекеттілік дәстүрі қайта жаңғырған күн деп айтсақ, артық емес. Биыл біз ұлттық мерекені ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығы қарсаңында атап өтіп жатырмыз. Қазақстан осы мемлекет тарихының мерейлі межесіне қарқынды дамып келе жатқан, әлем қауымдастығының құрметіне ие болған ел ретінде жетіп отыр.

2


№126
(5024)
Сенбі
24 қазан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ


Лениншіл жас

Қазақ Советтік Социалистік Рес
мемлекеттік егемендігі т
ДЕКЛАРА
Қазақ ССР Жоғарғы Советі 1990 қылғы қазанның

ЕГЕМЕНДІК СИМВОЛЫ

4-БЕТ |



ҚАЛАНЫҢ МӘДЕНИ ҚОРҒАНЫ

6-БЕТ |

ЕЛІМ МЕНІҢ ЕҢСЕЛІ

7-БЕТ |



Республика күні 25 қазан

Құрметті елорда тұрғындары!

Сіздерді Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

1990 жылдың 25 қазанында Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылдануы Қазақстан тарихындағы маңызды белес болды. Бұл құжат тәуелсіздігіміздің негізін қалап, мемлекеттілігімізді одан әрі нығайтуға жол ашты. Бұл мереке бірліктің, бейбітшілік пен келісімнің маңызын айшықтап, еліміздің болашағы үшін әрқайсымыздың жауапты екенімізді еске салады.

Астана – тәуелсіздік пен жасампаздықтың символы. Елордамыздың әрбір жетістігінің артында тұрғындардың қажырлы еңбегі тұр. Сіздердің біліктіліктеріңіз, тың бастамаларыңыз бен жанашырлықтарыңыз елордамыздың өркендеуіне жол ашады. Ортақ іске үлес қосып жүрген әрқайсыңызға шынайы алғысымды білдіремін!

Сіздерге және жақындарыңызға зор денсаулық, бақ-береке мен толағай табыс тілеймін! Республика күні құтты болсын!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі

24 ҚАЗАН «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АЯСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ ӨТЕДІ.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫ

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бастамасы бүкіл ел бойынша 6,9 миллионнан астам адамды біріктірді.

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Елімізде жыл басынан бері 753 экологиялық іс-шара өткізілді. Бірлескен күш-жігермен 1,1 млн гектар аумақ тазартылып, 844 мың тонна қалдық жиналып, шығарылды. Экологиялық акция барысында 1,3 млн-нан астам тал отырғызылды.

«Бастаманың маңызды бағыттарының бірі – ерте жастан экологиялық мәдениетті қалыптастыру. «Жасыл балабақша» жобасы аясында экологиялық бағыттағы 295 мектепке дейінгі ұйым құрылды. Ал мектептерде экологиялық тәрбие бойынша 158 мыңнан астам сынып сағаты өткізілді. Ел бойынша тазалыққа деген жауапкершілік, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға деген ортақ ұмтылыс байқалады» делінген ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің баспасөз қызметінің хабарламасында.

№126 (5024) 24/10/2026 Сенбі

ЕГЕМЕНДІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ!

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Халқымыз егемендік жылдарында көптеген белесті абыроймен еңсерді. Ұлттық болмысымыздың мызғымас нышандары – мемлекеттік рәміздеріміз бекітілді. Көк Туымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінде желбіреді. Ұлттық қаржы жүйесі құрылды. Мемлекеттік шекарамыз шегенделді. Қасиетті Сарыарқаның төрінде, бұрынғы ескі қаланың орнында бүкіл дүние жүзін таңғалдырған, әлем мойындаған жаңа елордамыз – Астананың іргесі қаланды. Біз бірлігімізді бекемдеп, жер жүзіне бейбітшілік бесігі ретінде танылдық.

ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!

Біз бәріміз біртұтас қоғам болып Әділетті Қазақстанды құру ісін қолға алдық. Әділеттілік қағидаттарын халқымыз арасында дәріптеп жатырмыз. Шын мәнінде, әділеттілік ең жоғары рухани құндылық десек дұрыс болады. Жаңа партияға «Әділет» атауын бердік. Біз тарихи үрдістерге әділетті көзбен қарап, әділ баға беруіміз керек. Сондықтан Егемен Қазақстанның негізін қалауға, оның өте күрделі экономикалық жағдайда дамуына, еліміздің көптеген тарихи жетістікке қол жеткізуіне зор үлес қосқан Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімі ешқашан ұмытылмайды деп ойлаймын. Себебі бұл – әділетке сай келетін мәселе.

Қазақта «Ынтымақ – мызғымас қорған» деген сөз бар. Біз – болашаққа үлкен үмітпен, зор сеніммен қарайтын ұлтпыз. Шын мәнінде, біз татулық пен тұрақтылықтың арқасында сан түрлі сынақтан сүрінбей өттік. Ел игілігін еселеп, өркениетіміздің өрісін кеңейттік. Біртұтас ұлт ретінде түбегейлі өзгерістерді табысты жүзеге асырдық. Ең бастысы, халқымызға айнымас бағдар болатын қастерлі құжат – Конституциямызды біртұтас ел болып қабылдадық. Тұғырға қонған Конституция көпұлтты жұртымыздың жаңа Жарғысына айналды. Конституцияның әр қағидаты, әр тармағы ел мүддесіне қызмет етуге бағытталған. Еліміздің егемендігі, жеріміздің тұтастығы, азаматтардың заңды құқықтары мен бостандықтары Конституциямызға сәйкес басты құндылықтар деп танылды. Заң мен тәртіпті қамтамасыз ету, жалпыұлттық бірлікті бекемдеу мызғымас қағидат ретінде бекітілді. Білім мен ғылымды, инновацияны, жоғары технологияларды дамыту мемлекеттің стратегиялық міндеті деп көрсетілді. Конституцияда Қазақстанның өткені мен бүгіні, сондай-ақ болашақтағы бейнесі айқындалды.

Ел Конституциясы түбегейлі өзгерістердің жаңа кезеңіне жол ашты. Соның нәтижесінде мемлекеттік билік жүйесі толығымен жаңғырды. Бір палаталы Құрылтай пайда болды. Осылайша, біз «Күшті Президент – ықпалды Парламент, яғни Құрылтай – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасын нақты іске асырдық. Вице-Президент институты құрылды. Қауіпсіздік Кеңесінің құрылымына қажетті өзгерістер енгізілді. Еліміздің жоғары консультативтік мекемесі – Қазақстан Халық Кеңесі өз жұмысын бастады. Еліміз дүние жүзінде еріктілер, яғни волонтерлер қозғалысына конституциялық мәртебе берген санаулы мемлекеттің бірі атанды.

Баршаңызға белгілі, қазіргі дүние жүзінде, осындай күрделі, тұрақсыз, болжамсыз, бұлыңғыр заманда билік жүйесінде мұндай ауқымды өзгеріс мүлде жоқ. Бұл – мемлекетіміз үшін алға қарай үлкен саяси қадам. Қоғамның барлық саласын қамтыған реформалар еліміздің дамуына тың серпін берді. 2019 жылдан бері экономикамыз 30 пайызға жуық өсті. Жан басына шаққанда ішкі жалпы өнім көлемі 15 мың доллардан асты. «Ұлттық қор – балаларға» жобасы аясында 7 миллион баланың есепшотына 2,5 миллиард доллар қаржы аударылды. Былтыр 20 миллионнан астам шаршы метр тұрғын үй салынды. Бұл – бұрын-соңды болмаған көрсеткіш. Азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 76 жасқа жақындады. Дүниежүзілік банктің мәліметіне сәйкес, Қазақстан бұл көрсеткіш бойынша біздің аймақта көш бастап тұр.

Біз ұлттық экономиканың әлеуетін күшейтуге басымдық беріп, баса назар аударып отырмыз. Әлемдегі ең ықпалды елдердің қатарына қосылып, 34-орында тұрмыз. Еліміздің жалпы ішкі өнім көлемі 350 миллиард долларға жетіп келе жатыр. Бұл – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі екінші орын деген сөз. Шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесі айтарлықтай артты, яғни 40 пайызға жетті. Кәсіпкерлеріміз отандық тауар өндірісін ұлғайтып, жаңа іскерлік мәдениеті қалыптасуда. Бүгінде осы салада еліміздегі еңбекке жарамды азаматтардың жартысына жуығы жұмыс істеп жүр. Сондай-ақ біз озық технологияға негізделген өндірісті дамытуға жол аштық. Соңғы бес жылдың ішінде өңдеу өнеркәсібіндегі экспорт көлемі 45 пайыздан асты. Осылайша, Қазақстан индустриясы дамудың жаңа сапалық деңгейіне көтеріліп жатыр.

Соңғы жеті жылда әлеуметтік саланы дамытуға 88 триллион теңге қаржы бөлінді. Мұны халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін салынған инвестиция деп қабылдаған жөн. Қазір барлық аймақта, әсіресе, ауылдық жерлер мен шалғай елді мекендерде медициналық қызметтің сапасы артып келе жатыр. 2019 жылдан бері еліміз бойынша 1259 денсаулық сақтау мекемесі салынды. Конституциямызда ақысыз медициналық көмектің кепілді көлемі туралы айқын жазылды. Еліміздің азаматтары медициналық қызметтің 1 мыңнан астам түрін ақысыз алуға құқылы. Бұл, түптеп келгенде, бірегей әлеуметтік көмек десек, артық болмас. Сонымен қатар еліміздің әрбір мектебінде барлық бастауыш сынып оқушылары және әлеуметтік жағынан осал топтағы балалар, яғни, бір миллион жеті жүз мыңнан астам оқушы ақысыз ыстық тамақ алуда. Елімізде неше түрлі әлеуметтік жеңілдіктер бар, тіпті, олардың кейбірі жымқыру негізінде беріліп жатыр. Сондықтан қазір Үкімет бұл мәселені жан-жақты зерттеп, осы жұмыспен айналысуда.

Тағы бір маңызды міндет – білім беру саласын жан-жақты дамыту. Бұл, ең алдымен, жас ұрпақтың жарқын болашағы үшін қажет. Осы уақыт аралығында еліміз бойынша 1483 балабақша ашылды. 1342 заманауи мектеп бой көтерді. Кейінгі жеті жыл ішінде жастардың жоғары білім алуы үшін жалпы құны 1,5 триллион теңге болатын 655 мыңнан астам оқу гранты бөлінді. Бұл шаралар жас буынның қалаған кәсіпті меңгеруіне, қабілетін ұштауына мүмкіндік береді. «Егемен елдің еңсесі – биік» деген сөз бар. Біз қасиетті Тәуелсіздігіміздің арқасында түрлі салада толайым табысқа жетіп келеміз. Сондықтан бейбіт күннің қадірін біліп, мемлекеттігімізді күшейте түсу үшін табанды еңбек етуіміз керек.

ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!

Республика күні – күллі халқымыздың басын қосатын, жалпыұлттық сипаты бар бірегей мереке. Егемендік пен Тәуелсіздік – бәрінен қымбат қазынамыз, ең асыл құндылығымыз! Сондықтан мемлекеттігімізді күшейтіп, еліміздің іргесін бекіте түсу – баршамыздың қасиетті борышымыз. Біз егемендікке ата-бабаларымыздың бойындағы мықты ерік-жігер мен өшпес рухтың арқасында қол жеткіздік. Халқымыз Тәуелсіздік жолында құрбан болған ерлердің, бостандық үшін жанқиярлықпен күрескен тұлғалардың есімін әрқашан жадында сақтайды. Аға буын тар жол, тайғақ кешуден өтсе де, барлық сын-қатерді еңсеріп, ел үшін қажырлы қызмет етті. Халқымыз, әсіресе жастарымыз төл шежіремізді терең танып, оған құрметпен қарай бастады. Бұл – өте жақсы үрдіс.

Шын мәнінде, тарихқа тек біржақты көзқараспен қарауға болмайды. Біздің тарихымыз – ұлы жеңістердің, мәңгілік мұралар мен теңдессіз дәстүрлердің шежіресі. Біздің тарихи деректерге толы даңқты жолымызды жігерлі, табанды, жасампаз тұлғалар жазды. Олардың өмірі мен ұстанымы – жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Түптеп келгенде, елдігіміздің тұғырын мемлекетшіл, отаншыл, парасатты, адал, еңбекқор адамдар нығайтады. Қазір ортамызда отырған азаматтардың бойында осы құнды қасиеттердің бар екені анық. Солардың бірі «Еңбек Даңқы» наградасының толық кавалері – Әбдірашит Қойшыбекұлы Доспанов. Ол әке ізін басып, 40 жылдан астам уақыт металлургия саласында абыройлы жұмыс істеп келе жатыр. Кәсіби шеберлігі мен еңбекке адалдығының арқасында зор табысқа жетіп, елімізді өркендетуге мол үлес қосып жүр. Бүгінде жас мамандарға бағыт-бағдар беріп, оларға өмірлік кәсібінің қыр-сырын үйретуде. Мен бүгін Әбдірашит Қойшыбекұлы Доспановқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы шешім қабылдадым. Осы мерекелік жиынға төл мәдениетіміздің көрнекті өкілі, белгілі сазгер, ұстаз Алтынбек Қоразбаев қатысып отыр. Оның әндері бірнеше буынның жүрегіне жол тауып, қазақ өнерінің алтын қорына қосылды. Мен бүгін Алтынбек Қоразбаевқа ең жоғары марапат – «Отан» орденін табыстаймын. Қазір арамызда даңқты альпинист Қазбек Уәлиев отыр. Ол дүние жүзінің ең биік шыңдарын бағындырып, әлемдік альпинизмнің аңызына айналды. Мен Қазбек Шәкімұлының ерен еңбегін ескере отырып, оны II дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттауды ұйғардым. Наталья Викторовна Сафиулина жоғары педагогикалық шеберлігімен, кәсібилігімен және сүйікті ісіне адалдығымен көрінді. Жаңашыл ұстаз ерекше балаларды оқытуда озық тәсілдер енгізіп отыр. Мемлекет шын мәнінде инклюзивті қоғам қалыптастыруға үлес қосып жүрген осындай педагогтарды әрдайым қолдайды. Білім беру саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Наталья Викторовна Сафиулинаға «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы беріледі. Сондай-ақ руханиятымыздың өрісін кеңейтуге зор үлес қосып жүрген өнерпаз, танымал опера әншісі Талғат Маратұлы Мұсабаевқа «Қазақстанның халық әртісі» атағы беріледі. Өнер қайраткерлерімен қатар, мәдениет саласын зерттеген ғалымдардың да еңбегі зор құрметке лайық. Осы орайда, музей ісін дамытуға және тарихи-мәдени мұрамызды сақтауға белсене атсалысып жүрген белгілі өлкетанушы Бауыржан Өзбекәліұлы Жәнібековке «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы беріледі. Сонымен қатар ұлағатты ұстаз, өнертанушы ғалым Эльмира Сәкенқызы Сұлтанғалиеваға «Құрмет» ордені табысталады.

Жұмысшы мамандық иелері еліміздің өркендеуіне белсене атсалысып келеді. Қазір осы жерде адал еңбегімен зор табысқа жеткен нағыз еңбек адамдары отыр. Бұл орайда «Астана-Көгалдандыру құрылысы» мекемесінің қызметкері Дидар Телжанұлын ерекше атап өтуге болады. Осы саладағы игі істер мен Президент ретінде ұсынған «Таза Қазақстан» тұжырымдамасымен тығыз байланысты. Бұл бүкіл елімізге өте қажетті жұмыс деп айтсақ, қате болмайды. Өйткені көшелеріміз таза болмаса, әрбір жерде ағаш пен гүлдер көп егілмесе, азаматтарымыз табиғатқа қамқор болмаса, еліміз де жасампаз болмайды. Бұл – анық нәрсе. Бұл – Үкімет болсын, Құрылтай болсын, құқық қорғау мекемелері болсын, жергілікті билік өкілдері мен басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, барлық жоғары оқу орындарының, мектептердің ортақ парызы. Басқа сөзбен айтқанда, бұл – жалпыұлттық қозғалыс. Бүгін елордамызды көркейтуге елеулі үлес қосқан білікті маманға «Құрмет» ордені беріледі. Ал «Астана орманы» ұйымында табысты жұмыс істеп жүрген Аманжол Төкенұлы Үйсінбаев «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталады. Осы айтулы күнде біз Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданынан келген механизатор Сергей Николаевич Пустыльниковке лайықты құрмет көрсетеміз. Ол отыз жылдан бері ауыл шаруашылығы саласында жемісті жұмыс істеп, жиған тәжірибесін жас буынға үйретіп келеді. Адал еңбегі мен толайым табысы үшін Сергей Николаевич Пустыльников III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталады.

Біз ұлт саулығын нығайту және зияткер ұрпақ тәрбиелеу ісіне баса мән беріп отырмыз. Ұстаздар мен дәрігерлер қауымына жан-жақты қолдау көрсету және олардың еңбегіне зор құрметпен қарау – маңызды міндет. Бүгін аға мейірбике Анар Рахманбекқызы Әбдіқұловаға және ұлағатты ұстаз Сәлима Ибраимқызы Жұмамұратоваға «Шапағат» медалі табысталады. Қоғамдық келісім – егемендігіміздің мызғымас кепілі. Бүгін ырысты ынтымағымызды нығайту жолында жемісті еңбек етіп жүрген бір топ азаматқа «Ел бірлігі» ордені табысталады. Сонымен бірге бүгін мемлекетімізді көркейтуге белсене атсалысқан, адал еңбегімен көпке үлгі болған 2 мыңнан астам азамат марапатталады. Соның ішінде 270-ке жуық білім-ғылым, денсаулық сақтау саласының қызметкеріне, 473 жұмысшы мамандығы өкілдеріне және 129 еңбек ардагеріне, сондай-ақ 200-ден астам шағын және орта бизнес өкіліне мемлекеттік награда тапсырылады. Бәріңізге құтты болсын! Еліміздің абыройын асырып жүрген еңбек адамдарына құрмет көрсету – мемлекеттік саясатымыздың өзегі. Мен Республика күні қарсаңында сіздерге және барша отандастарымызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Мемлекеттігіміздің мызғымас тұғыры мәңгі болсын! Қастерлі Отанымыз – Қазақстан өсіп-өркендей берсін!

МЕДИЦИНА МЕКЕМЕЛЕРІН АРАЛАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевпен және Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованмен бірге елордадағы бірқатар медициналық мекемені аралады.



Қала басшының айтуынша, тұрғындар санының өсуі мен қолданыстағы медициналық ұйымдарға түсетін жүктемені ескере отырып, қазір медицина инфрақұрылымы кезең-кезеңімен кеңейтіліп жатыр.

«Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында биыл №2 қалалық көпбейінді ауруханаңың жанынан жаңадан қабылдау-диагностикалық кешенін, сондай-ақ №2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасының жанынан балаларға арналған травматологиялық пункт ашамыз. Қалған нысандар – перинаталдық орталық, көпбейінді аурухана және үш емхана кезең-кезеңімен ашылады.

№2 қалалық көпбейінді ауруханаңың жанынан ашылатын жаңа қабылдау-диагностикалық кешен елорданың сол жағалауындағы тұрғындарға арналған ересектердің қабылдау бөлімін, акушерлік қабылдау бөлімін, диагностикалық қызметтер мен травматологиялық пункті біріктіреді. Жалпы аумағы 7 мың 120 шаршы метр болатын бес қабатты нысан тәулігіне 700-900 адамды қабылдауға есептелген» деді Жеңіс Қасымбек.

Әкімнің мәлімдеуінше, кешенде компьютерлік томография, МРТ, рентгенодиагностика, ангиографиялық операциялық бөлме, операциялық залдар, инсульт орталығы, травматология бөлімшелері, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелері қарастырылған.

«Ең басты артықшылығы – шұғыл көмек көрсетудің барлық қажетті кезеңінен бір кешеннің ішінде өтуге мүмкіндік бар: алғашқы тексеруден өтіп, диагноз қойылғаннан кейін операция жасатуға және ары қарай-



ғы емін жалғастыруға дейін. Бұл науқастарды тексеру мен дәрігерлердің шешім қабылдау уақытын жылдамдатып, мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін арттырады. Кешеннің ашылуы тағы 50 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Биыл №2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасына балаларға шұғыл травматологиялық көмек көрсетуге арналған жаңа қосымша ғимарат та ашылады. Жаңа корпуста реанимация залы, операциялық бөлім, компьютерлік томография және рентгендиагностика кабинеттері жабдықталады. Заманауи құрылғылар жарақат алған балаларды тексеру мен емдеу мүмкіндігін кеңейтіп, оларды тиісті бөлімдерге бағыттау тәртібін оңтайландыруға және медициналық көмекті жедел көрсетуге мүмкіндік береді» деді Жеңіс Қасымбек.

Оның айтуынша, келесі кезеңде Сарыарқа ауданындағы медициналық инфрақұрылымды дамыту қарастырылған. 2027 жылы 250 төсек-орынға арналған жаңа заманауи перинаталдық орталықты ашу жоспарланып отыр. Ал 2029 жылы 300 төсек-орындық көпбейінді қалалық ауруханаңың құрылысын аяқтап, пайдалануға беру көзделген.

«Былтыр Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының базасында Есіл және Нұра аудандарының тұрғындарына арналған балалар травматологиялық пункті ашылды. Мұнда 10 мыңнан астам бала медициналық көмек алды. Осылайша оң жағалаудағы балалар травматологиялық пунктіне түсетін жүктеме азайды.

Сол сияқты өткен жылы жеке инвестициялар есебінен «Нұрлы жол» вокзалы ауданында емхана ашылды. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету желісін қатар кеңейтіп жатырмыз. 2026 жылдың соңында Есіл ауданында бір ауысымда 500 адамды қабылдайтын емхананың құрылысын бастау жоспарланған. 2027 жылы Сарайшық пен Нұра аудандарында әрқайсысы бір ауысымда 500 адамды қабылдай алатын тағы екі емхана салынады. Жалпы, алдағы үш жылда 10 денсаулық сақтау нысанын салу жоспарланып отыр, олардың қатарында 2 перинаталдық орталық, жаңа заманауи көпбейінді аурухана, 5 емхана және 2 жедел жәрдем қосалқы станциясы бар» деді Астана әкімі.

ДОСТЫҚ ҮЙІНДЕГІ ДИДАРЛАСУ



Астана қаласының Достық үйінде Республика күніне орай «Тарих. Тағылым. Мемлекеттілік: Қазақстанның даму жолы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға Құрылтай депутаттары, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері, мемлекеттік органдардың, ғылыми қауымдастықтың, этномәдени бірлестіктер мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Алқалы басқосу барысында спикерлер еліміздің тарихындағы Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның негізгі рөліне тоқталып, саяси жүйені жаңғыртуға және қоғамдық дамудың жаңа моделін қалыптастыруға бағытталған жаңа Конституцияның негізгі қағидаттары жайында әңгіме өрбітті.

Сонымен қатар қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту, жастардың бойында отансүйгіштік сезімін қалыптастыру мәселелері талқыланды.

– Қазіргі Қазақстанды қорғау, сақтау болашақ ұрпақтың және тек қана Президенттің емес барлығымыздың қолымызда дер едім. Себебі елге қызмет ету – баршаның борышы. Елді сөзбен емес, жүрекпен сүю – парызымыз. Бізге сүйсіне қарайтын елдер бар. Біздің елден үлгі алатындар бар. Аса құрметті қазақ елі, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын дей отырып, Республика күнінің 35 жылдығымен құттықтаймын!, – деді Халық Қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев.



МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен ұлттық мереке – Республика күні қарсаңында бір топ елордалықтарға мемлекеттік наградалар тапсырды.

Марапатқа ие болғандардың қатарында елорданың дамуына елеулі үлес қосып жүрген еңбек ардагерлері мен жұмысшылар, білім беру және денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, өндіріс, құрылыс және бизнес, мәдениет, өнер және спорт өкілдері болды. Президенттің Жарлығымен бекітілген марапаттар елордалық азаматтардың күнделікті қажырлы еңбегі мен Отанға деген сүйіспеншілігінің шынайы белгісі ретінде Астана қаласы әкімдігінде салтанатты жағдайда табысталды.

Мемлекеттік награда алғандардың қатарында біздің өз әріптестеріміз «Астана ақшамы» газетінің шолушысы Айгүл Уайс пен «Вечерняя Астана» газетінің көркемдік редакторы Ләззат Нығметова «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Республика күні 25 қазан

Құрметті астаналықтар мен қонақтар!

Сіздерді Астана қаласы Ардагерлер кеңесі атынан еліміздің басты мерекесі – Қазақстан Республикасының 36 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Егемендігіміз жарияланып, Декларация қабылданған күннен бастау алған тәуелсіздік жылдары еліміз әлеуметтік-экономикалық дамудың даңғыл жолына түсіп, бүкіл жер жүзіне танымал болдық. Аңсаған тәуелсіздікке бүгінгі аға буын өкілдерінің қосқан үлесі бар екендігі, көңілге ризашылық сезімін тудырады.

Еліміздің ұлық мерекесі арайлап атқан таңмен тең, сүйікті Отанымыз – Қазақстан Республикамыз дамып гүлдене берсін!

Осы ізгі мақсаттағы еңбектеріңізге табыс, баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға бақ-береке тілейміз!

Ізгі ниетпен,
С.ЕСІЛОВ,
Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Құрметті астаналықтар және елорда қонақтары!

Сіздерді ұлы мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымыздың берекелі бірлігі мен ықыласты ынтымағы артып, тәтті татулығы әрдайым сақталып, тәуелсіз Қазақстанымыз гүлдене берсін! Әрқайсыңыздың жүрегіңізде Әділетті Қазақстан құру жолында Отанға деген сүйіспеншілік, мақтаныш және патриоттық сезім арта берсін!

Еліміздің дамуына әрбіріміз өз үлесімізді қоса берейік.

Тағы да еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуының бастауы, халқымыздың азаттығы мен егемендігін айқындаған тарихи күні құтты болсын!

Жаңа Қазақстанымыздың тұғыры берік, рухы асқақ, мәртебесі биік болсын!

Баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық тілеймін.

Құрметпен,
Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесі төрағасының міндетін атқарушы

ХАБАРЛАМА

«Астана қаласы әкімдігінің аппараты» атынан «Астана шаруашылық басқармасы» ЖШС-нің 25.09.2026 жылғы жалғыз қатысушысының шешімі бойынша «Астана шаруашылық басқармасы» ЖШС БСН 120340003574 жарғылық капиталдың мөлшері 5 895 900 (бес миллион сегіз жүз тоқсан бес мың тоғыз жүз) теңгеге азайғаны туралы хабарлайды.

«Астана Тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жарғылық капитал мөлшерін 1 755 955 112,11 (бір миллиард жеті жүз елу бес миллион тоғыз жүз елу бес мың бір жүз он екі) теңге 11 тиын сомаға азайту туралы хабарлайды».

№126 (5024) 24/10/2026 Сенбі

ЕГЕМЕНДІК СИМВОЛЫ

Биыл Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігіне 35 жыл толады. Осы тарихи меженің қарсаңында 25 қазан – Республика күнінің мәніне қайта үңіліп, оның ел тарихындағы орнын бүгінгі қоғамдық-саяси өзгерістермен сабақтастыра пайымдаудың маңызы зор. Өйткені Республика күні – күнтізбедегі мерекелік дата ғана емес, мемлекеттілігіміздің құқықтық негізі қаланып, елдің дербес даму жолы айқындала бастаған тарихи кезеңнің символы.



1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Мемлекеттік егемендік туралы декларацияны қабылдауы сол уақыттың күрделі саяси жағдайында жасалған маңызды қадам еді. Совет Одағының орталықтандырылған жүйесі әлсіреп, одақтас республикалар өз болашағын айқындауға ұмтылған тұста Қазақстан егемендіктің құқықтық негіздерін қалыптастыруға кірісті. Бұл шешім асығыстықтан емес, тарихи жағдайды бағамдаудан, саяси жауапкершілік пен құқықтық пайымнан туындады.

Декларацияны әзірлеу барысының өзі сол кезеңдегі қоғамдық ойдың серпілісін аңғартады. Академик Салық Зиманов жетекшілік еткен жұмыс тобының құрамына ғалымдар, заңгерлер, депутаттар мен зиялы қауым өкілдері кірді. Құжаттың жобасы баспасөзде жарияланып, азаматтардың пікірлері мен ұсыныстары ескерілді. Жоғарғы Кеңестегі талқылаулар нәтижесінде оның мазмұны жетілдірілді. 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған декларация республиканың аумағы мен табиғи ресурстарына қатысты егемендік қағидаттарын, өз заңдарының үстемдігін және дербес мемлекеттік басқарудың негіздерін анықтады.

Осы тұрғыдан алғанда, Республика күні – мемлекеттік шешімнің ғана емес, тарихи өзгерістер жағдайында ел болашағы үшін жауапкершілік алған азаматтардың еңбегін де бағалайтын күн. Декларация – Қазақстанның толық тәуелсіздікке жетуіне жол ашқан саяси-құқықтық белес. Ал 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң осы тарихи үдерісті түпкілікті бекітті.

Егемендік пен тәуелсіздік ұғымдары өзара тығыз байланысты болғанымен, тарихи мазмұны жағынан ерекшеленеді. Егемендік туралы декларация мемлекеттің дербес даму бағытын белгілесе, Тәуелсіздік туралы заң Қазақстанның халықаралық құқықтың толыққанды субъектісі ретіндегі мәртебесін белгіледі. Сондықтан Республика күні мен Тәуелсіздік күні бірін-бірі толықтыратын, бірақ тарихи мағынасы бөлек екі маңызды дата болып саналады.

Республика күнінің ұлттық мереке мәртебесін қайта иеленуі де осы тарихи сабақтастықтың жалғасы деуге болады. 2022 жылы Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мерекенің мәртебесін қалпына келтіру туралы бастама көтерді. Сол жылдың 29 қыркүйегінде тиісті шешім қабылданды. Бұл қадам Қазақстанның мемлекеттілік тарихына жаңаша көзқараспен қарап, егемендіктің бастауын қоғамдық санада айқындай түсуге мүмкіндік берді.

2019 жылдан бергі уақыт еліміздің тарихында жаңа кезең ретінде сипатталады. Ол саяси жаңғыру және қоғамдық жауапкершілікпен тығыз үндесіп отыр.

Республика күнінің бүгінгі мазмұнын түсіну үшін 2019 жылдан бергі Қазақстанның даму жолына назар аударған жөн. Бұл кезеңді саяси институттарды жаңарту, мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты қайта қарау және азаматтардың қоғамдық өмірдегі рөлін арттыру міндеттерімен сипаттауға болады. Реформалардың түпкі мақсаты тек басқару тетіктерін өзгерту емес, мемлекеттік шешімдердің сапасын, қоғамдық сенімді және азаматтардың ел болашағына қатыстылығын нығайту болуы тиіс.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы билік пен қоғам арасындағы диалогты дамытуға бағытталды. Оның мәні азаматтардың өтініштері мен ұсыныстарын қабылдаумен шектелмейді. Маңыздысы – қоғамдық пікірді ескеру, шешімдердің негізділігін арттыру және мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейту. Осы бағыттағы өзгерістер мемлекетті басқару мәдениетіне қойылатын талаптарды да жаңартты.

2022 жылғы конституциялық реформа саяси жаңғырудың маңызды кезеңіне айналды. Конституциялық өзгерістер билік тармақтарының өзара іс-қимылын қайта қарауға, өкілді органдардың рөлін күшейтуге және азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіруге арналды. 2023 жылы Конституциялық Соттың жұмысын бастауы азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау мүмкіндіктерін кеңейтетін институционалдық қадам болды. Сонымен қатар ауыл әкімдерін тікелей сайлау тәжірибесінің дамуы жергілікті басқаруға азаматтардың қатысуын арттыруға жол ашты.

Бұл өзгерістердің тарихи маңызы оларды жеке-жеке бағалаумен ғана шектелмейді. Оларды егемендік туралы декларацияда көрініс тапқан мемлекеттің дербестігі, заң үстемдігі және азаматтық қоғамның орны туралы қағидаттардың қазіргі жағдайда дамуы ретінде қарастыруға болады. Әрине, институционалдық реформалардың нәтижесі олардың қабылдануымен ғана өлшенбейді. Олардың өміршеңдігі құқық нормаларының күнделікті тәжірибеде орындалуына, азаматтардың құқықтарының қорғалуына және мемлекеттік институттардың қоғам алдындағы жауапкершілігіне байланысты.

Осы ретте «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасының қоғамдық маңызы айқындала түседі. Әділеттілік – құқықтық нормаларда жазылған қағида ғана емес, адамның күнделікті өмірінде сезінуі тиіс құндылық. Ол заң алдындағы теңдіктен, еңбекке құрметтен, мүмкіндіктердің әділ бөлінуінен, мемлекеттік қызметтің адалдығынан және азаматтың құқығы мен міндетін түсінуінен көрініс табады.

Соңғы жылдары қоғамдық дискурста «Заң мен тәртіп», «Адал азамат», «Адал еңбек – Адал табыс» және «Таза Қазақстан» бастамаларының кеңінен көтерілуі де осы құндылықтық бағытпен байланысты. Олардың әрқайсысы қоғамдық өмірдің белгілі бір қырына назар аударғанымен, ортақ мазмұны – жауапкершілігі жоғары, еңбекті бағалайтын, заңды құрметтейтін және ортақ игілікке үлес қосатын азамат қалыптастыру. Мәселен, заң мен тәртіпті орнықтыру құқық қорғау органдарының міндеті ғана емес. Ол азаматтардың құқықтық мәдениетіне, қоғамдық кеңістіктегі мінез-құлқына және өзара құрметіне де тәуелді. Сол сияқты қоршаған ортаны қорғау мен елді мекендерді таза ұстау бір реттік науқаннан тұрақты азаматтық дағдыға айналғанда ғана нақты нәтиже береді. Демек, реформалардың табысы мемлекеттік саясат пен қоғамдық әрекеттің өзара үйлесуінен көрінеді.

Жаңа институт Қазақстан Халық Кеңесінің құрылуы да қоғамдық пікір алмасу алаңы ретіндегі қызметі де осы тұрғыдан маңызы артып отыр. Қоғамдық мәселелерді талқылау, азаматтардың ұсыныстарын ортаға салу және ортақ құндылықтарды айқындау ел ішіндегі диалог мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Мұндай алаңдардың нәтижелілігі көтерілген мәселелердің шешімін табуымен, айтылған ұсыныстардың нақты саясатпен ұштасуымен бағалануға тиіс. Өйткені қоғамдық диалогтың шынайы құндылығы – пікір білдіру мүмкіндігінде ғана емес, сол пікірдің естілуі мен ескерілуінде.

Қазақстанның егемендік жолы халықаралық аренадағы дербес ұстанымымен де сабақтасады. Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы 1991 жылғы шешім еліміздің әлі Совет Одағы құрамында болған кезеңінде-ақ стратегиялық маңызы бар мәселелерді өз бетінше шешуге ұмтылғанын көрсетті. Кейін Қазақстанның ядролық қарусыздану мен жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға қосқан үлесі осы бағыттың жалғасына айналды. Бұл тәжірибе егемендіктің құқықтық мәртебемен бірге ел мүддесіне сай шешім қабылдай білу қабілеті екенін аңғартады.

Бүгінгі жағдайда да Қазақстанның орнықты дамуы ішкі жаңғыру мен халықаралық жауапкершіліктің үйлесуіне байланысты. Экономиканы әртараптандыру, адами капиталды дамыту, ғылым мен білімнің әлеуетін арттыру, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану мен қоғамдық сенімді нығайту – елдің ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын бағыттар. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда мемлекеттік институттармен қатар, кәсіби білімі мен азаматтық ұстанымы қалыптасқан қоғамның да үлесі шешуші мәнге ие.

Тәуелсіздіктің 35 жылдығы – қол жеткен жетістіктерді бағалаумен бірге, алдағы міндеттерді де байыппен саралайтын кезең. Өткен жолымыз мемлекеттіліктің бір күнде қалыптаспайтынын, оның құқықтық негіздері, саяси институттары, экономикалық мүмкіндіктері мен қоғамдық құндылықтары біртіндеп орнығатынын көрсетті. Сондықтан тарихқа құрмет көрсету оны тек еске алумен шектелмеуі керек. Тарихи тәжірибені бүгінгі шешімдердің сапасын арттыруға және болашаққа жауапкершілікпен қарауға бағыттай білу қажет.

Республика күні – осы сабақтастықты ұғындыратын ұлттық мереке. Ол егемендікке бастау болған тарихи шешімді, тәуелсіз мемлекетті қалыптастырған азаматтардың еңбегін және қазіргі қоғамның жаңару жолындағы жауапкершілігін бір арнаға тоғыстырады. 1990 жылғы декларацияның идеялық өзегі – елдің дербестігі мен болашағын өзі айқындауға деген ұмтылыс. Ал бүгінгі міндет – осы ұмтылысты әділетті институттармен, сапалы біліммен, адал еңбекпен, заңға құрметпен және қоғамдық сеніммен толықтыру.

Мемлекеттің беріктігі оның заңнамалық негіздері мен басқару жүйесіне ғана емес, азаматтарының ортақ іске деген жауапкершілігіне де тәуелді. Егемендіктің тарихи мәні де осында, яғни ел тағдырына қатысты шешімдерді өзіміз қабылдау құқығымен бірге, олардың нәтижесіне жауап беру міндеті де бар.

Республика күні – өткенге тағзым етіп, болашаққа ортақ міндеттерді айқындайтын күн. Оның басты тағылымы – егемендікті сақтау, мемлекеттілікті нығайту және қоғамның әлеуетін ортақ игілікке жұмылдыру. Осы құндылықтар орныққан жағдайда тарихи жады мен қазіргі реформалар арасындағы сабақтастық елдің ұзақ мерзімді дамуына берік негіз бола алады деп сенемін.

Нұрбек ПҰСЫРМАНОВ,
Мемлекет тарихы институтының директоры,
PhD, қауымдастырылған профессор



Сындар ДАУЕШОВА,
Астана қаласы әкімдігі Әдістемелік орталығының басшысы:

ОТАНШЫЛ ҰРПАҚ – МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ

– Жанымызға жігер, бойымызға ұлттық рух беретін Республика күнінің мән-маңызы бәрінен биік, қастерлі. Тарихы тасқа қашалған қасиетті күні мемлекетіміздің іргетасы қаланып, болашақ биік мақсаттары айқындалды. Сондықтан Республика күні – ұлттық рухтың, бейбітшілік пен бірліктің символы. Ал бұл мерекенің мәні – өткен тарихқа құрмет көрсету, бүгінгі бейбіт өмірдің қадірін білу және болашаққа сеніммен қарау. Әрбір азамат осы күні өз елінің өткен жолына көз жүгіртіп, отансүйгіштік сезімін еселей түседі.

Қазіргі таңда Қазақстан – әлем танығаң, ішкі тұрақтылығы мен ынтымағы жарасқан қуатты мемлекет. Республикамыздың басты байлығы – оның бірлігі бекем халқы. Әрбір қазақстандықтың адал еңбегі, оқудағы озық жетістіктері мен елге деген сүйіспеншілігі ортақ Отанымыздың тұғырын биіктете түспек.

Ұлттық мерекенің жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы орасан зор. Білім беру ошақтарында бірлігіміздің символы – көк байрағымызды көтеруге арналған салтанатты рәсімдердің өтуі – өсіп келе жатқан бүлдіршіндер мен мектеп түлектерінің санасына отансүйгіштік қасиетті сіңіретін, елдік рух пен ұлттық ұстанымды бекемдей түсетін қастерлі сәт. «Адал азамат, Адал еңбек, Адал табысқа» негізделген, жалпы Қазақстан халқының береке-бірлігін нығайтуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге арналған тәрбиелік мәні айрықша іс-шаралар білім беру ұйымдарының тәрбие бағдарларында күн сайын дерлік жүзеге асып отырады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы тамыз кеңесінде: «Мықты мұғалім – сапалы ұлттың тірегі» деген сөзі тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы – жас ұрпақты тәрбиелеудегі ұстаздар еңбегіне берілген ең жоғары баға деп білеміз.

Президентіміздің тапсырмасын арқау еткен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының атқарар жүгі ауқымды. Бағдарлама аясында еңбек тәрбиесі, отаншылдық, адамгершілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет сияқты ұлттық тәрбие құндылықтарын негізге алған көптеген іс-шара кезең-кезеңмен жүзеге асып отырады. Өйткені ұрпақ тәрбиесі – ел тағдыры. Ал «Заң мен тәртіп» қағидаты, «Таза Қазақстан» экология жобасының түпкі мақсаты – туған жерін көзінің қарашығындай сақтайтын, адамгершілік құндылықтарын бәрінен биік қоятын сапалы ұлт қалыптастыру. Қазақстан атты ортақ Отанымыздың мерейін асқақ ету – әр азаматтың парызы. Бұл жолда педагогтардың үлесі де айрықша екенін айта кеткеніміз жөн. Мерейлі мерекеміз құтты болсын!



ҰЛТТЫҢ АСЫЛ АРМАНЫ ОРЫНДАЛҒАН КҮН

Республика күні ұлттық тәуелсіздіктің тарихи алғышарттарын терең түсінуге, қазақ мемлекеттілігінің саяси жалғастығы мен сабақтастығын қалыптастыру тарихи жолын бағалауға және еліміздің келешегіне деген жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді.

«Мемлекеттік егемендік туралы декларация» қабылданған 1990 жылғы 25 қазан – Қазақстан тарихындағы ірі саяси бетбұрыс күні. Оның құндылығы мен маңызы – Қазақ Республикасының жаңа егемендік қағидаттарын бекітіп, қайта құрылатын тәуелсіз мемлекеттің саяси-құқықтық іргелі негіздерін қалыптастыруы.

Қазақстан тарихында 1990 жылғы 25 қазанның орны ерекше дейміз. Өйткені осы күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Мемлекеттік егемендік туралы декларация құжатын қабылдады. Елдің егемендігі туралы жар салған бұл құжат Қазақ Республикасының саяси-құқықтық дамуындағы жаңа кезеңнің басталуын білдірді, қазақ халқына ұлттық тәуелсіздікті жандандыруға жол ашты. Сондықтан декларацияны сол кезеңнің саяси құжаты ретінде ғана емес, қазіргі Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу тарихындағы маңызды белес ретінде қарастырады.

«Мемлекеттік егемендік туралы» декларацияның қабылдануы кездейсоқ оқиға емес. 1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басында Кеңес Одағы саяси және экономикалық терең дағдарыста болды. Михаил Горбачев сияқты мемлекет басшысы жариялаған қайта құру мен жариялылық саясаты қоғамдық-саяси белсенділікті арттыруға мүмкіндік тудырды. Сол кездегі он бес одақтық республикалар құқығы мен еркіндігіне қатысты мәселелерді күн тәртібіне шығарды. Орталық биліктің әлсіреуі республикалардың өз мүддесін қорғауға және мемлекеттік басқарудағы дербестігін кеңейтуге ұмтылысын күшейтті. Қазақстан да сол үдерістердің бел ортасында болды.

1990 жылы одақтас республикалардың бірқатары Мемлекеттік егемендік туралы декларациялар қабылдай бастады. Мұндай жағдайда Қазақстанның өзінің саяси-құқықтық мәртебесін бекіту қажеттілікке айналды. Республика үшін мәселе тек орталық биліктен көбірек өкілет алу емес, өзінің саяси, экономикалық және ұлттық-мәдени даму бағытын дербес, жеке белгілеу құқығын алу. Осы тұрғыдан алғанда, 25 қазанда қабылданған декларация – сол кезеңдегі тарихи жағдайға берілген маңызды саяси жауап.

Қазақстан бұл құжатта мемлекеттік егемендік, республиканың аумақтық тұтастығы, мемлекеттік биліктің дербестігі және саяси-экономикалық даму мәселелерін өз бетінше шешу қағидаттары бекітті. Сонымен қатар онда республиканың өз аумағындағы билікке қатысты өкілеті, ұлттық-мәдени мүддесін қорғау және басқа республикалармен қарым-қатынасын жаңа құқықтық негізде қалыптастыру мәселесі айтылды. Қазақ халқының ана тілі мен ұлттық мәдениетін дамытуға, тарихи дәстүрлерін сақтауға және Қазақстанда өмір сүретін өзге этностық топтардың құқығын сақтауға орай ұстанымдар да маңызды орын алды.

Декларация құжатының ерекшелігі – Кеңестік Қазақ Республикасының егемендікке ұмтылысын заң жүзінде бекіте отырып, сол кезеңдегі күрделі саяси жағдайды ескеруі. Өйткені құжат қабылданғанда, Қазақстан әлі Кеңес Одағының құрамында тұрды. Сондықтан оны құқықтық жағынан әлі де мемлекеттік тәуелсіздік толық жарияланумен бірқатар қоюға болмайтын еді. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі 1991 жылғы 16 желтоқсанда жария етілді, ал 1990 жылғы декларация осы тарихи шешімге дейінгі маңызды саяси-құқықтық кезеңді білдірді.

Құжатты әзірлеуде және талқылауда әртүрлі көзқарастың болуы сол уақытта саяси ахуал қандай болғанын көрсетеді. Декларацияның мазмұны республиканың саяси келешегіне қатысты маңызды мәселелерді қамтыған және депутаттар арасында егемендіктің көлемі, Кеңес Одағымен қарым-қатынастың сипаты және саяси-экономикалық тұрақтылықты сақтау жөнінде пікірталас тудырды. Бір жағынан, республиканың құқығын кеңейту қажеттілігі айқын сезілсе, сонымен бірге, әлі күшінде тұрған тығыз одақтық байланыстардың жағдайы мен ықтимал өзгерістердің салдары қандай болатынына алаңдаушылық туғызды.

Декларация құжатының ресми қабылдануы бірауыздан өткен жоқ. Ол демократия күшінде болғанын көрсетеді. Жарияланған тарихи деректерге сәйкес, қорытынды дауыс беруде 261 депутат құжатты қолдап, 18 депутат қарсы дауыс беріп, 2 депутат қалыс қалды. Мұндай нәтиже ұлт егемендігі мәселесіне қатысты саяси ұстанымдардың әртүрлі болғанын аңғартады. Қарсы болғандардың қарсы дауыс беру себептерін бір ғана факторға тіреп қоюға келмес: олардың көзқарасына Кеңес Одағының болашағына қатысты ұстанымы, республиканың дербестігін кеңейтудің ықтимал салдары және экономикалық тұрақтылықтың сақталуына байланысты алаңдаушылық та әсер етуі мүмкін. Дегенмен депутаттардың нақты уәждерін толық бағалау үшін сол кезеңдегі стенограммалар мен архив деректеріне сүйену қажет.

Декларация құжатының тарихи маңызы оның қабылданған кезеңімен және саяси жағдайымен тығыз байланысты. 1990 жылы Қазақстан алдында күрделі таңдау тұрды: күнде өзгеріп жатқан саяси жүйеде республиканың мүддесін қалайда қорғау және болашақ мемлекеттік дамудың негізін қалайда қалыптастыру. Декларация осы мәселелерге құқықтық деңгейде жауап беруге бағытталған қадамға айналды. Ол ұлт тәуелсіздігін бірден жариялamаса да, республиканың егемендік құқығын нығайтуға, алдағы уақытта дербес мемлекетке өтуіне алғышарттарды бекітті.

Құжаттың дәл осы кезеңде қабылдануы Кеңес Одағындағы саяси өзгерістермен, одақтас республикалардың егемендікке ұмтылысымен және Қазақстанның өз ертеңін айқындап алу қажеттілігінен шықты. Сол кездегі жағдай республиканың бұрынғы саяси басқару жүйесінде қалып қоймай, жаңа саяси-құқықтық қатынас орнатуға дайындалуынан туындады. Кейінгі саяси оқиғалар бұл үдерістің тарихи маңызын көрсетті, 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялады.

Бүгінде 25 қазан Қазақстанда Республика күні ретінде аталып өтеді. Бұл күннің маңызы өткен тарихи оқиғаларды еске алумен ғана шектелмейді. Ол мемлекеттіліктің қалыптасу жолын, егемендіктің мәнін және тәуелсіздікке дейін қабылданған саяси шешімдердің сабақтастығын түсінуге мүмкіндік береді. Қазақстанның тәуелсіздігі бір күнде қалыптаспағанын, соның негізінде ұзақ тарихи үдерістер, қоғамдық өзгерістер және елдің болашағын айқындаған маңызды саяси шешімдер жатқанын көрсетті.

Махсат АЛПЫСБЕС,
тарих ғылымдарының докторы

«КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ»

Ұлттық мереке қарсаңында «Саған кітап арнадым» акциясы басталды. Мақсат – кітап оқуды насихаттау, кітап сыйлау мәдениетін қалыптастыру және әдебиетке деген қызығушылықты арттыру.

САҒАН КІТАП СЫЙЛАЙМЫН

«Саған кітап арнадым» акциясы ұлттық мерекені ізгі де мағыналы іспен атап өтуге үндейді. Ол үшін біліміңмен, шабытпен және жан жылуыңмен бөліскің келетін адамға кітап сыйласаң жеткілікті. Бастама кітап оқитын ұлт қалыптастыру әр адамның жеке үлгісінен, әдебиетке деген шынайы қызығушылығынан және кез келген адам жасай алатын қарапайым әрекеттерден басталатынын еске салуды көздейді.

– Республика күні – еліміздің болашағын қалай қалыптастырып жатқанымызды және кейінгі ұрпаққа қандай құндылықтарды аманат ететінімізді ой елегінен өткізетін сәт. Кітап – ерекше сыйлық. Өйткені онымен бірге біліміміздің, ойларымыздың және әлемге жаңаша көзқараспен қарау мүмкіндігін бөлісеміз. «Саған кітап арнадым» акциясы – кітап оқуды күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналдырудың қарапайым әрі мәнді жолы. Кітап адамдардың әңгімелесуіне себеп болып, оларды жақындастырып, жаңа шығармаларды тануға шабыттандырса дейміз. Кітап оқитын ұлттың мәдениеті осындай шынайы әрекеттерден қалыптасатынына сенімдімін, – деді «Кітап оқитын ұлт» қорының атқарушы директоры Аян Сакошев.

Акцияға қатысу үшін жаңа немесе жеке кітапханаңыздағы жақсы сақталған кітапты таңдап, оның алғашқы бос бетіне жылы лебіз жазу немесе алушы мен сыйлаушының аты-жөні көрсетілген ашықхат салу қажет. Сондай-ақ кітапты неліктен таңдағаныңызды қысқаша түсіндіруге болады. Одан кейін кітапты жақын адамыңызға, досыңызға, әріптесіңізге, сыныптасыңызға немесе курстасыңызға сыйлауға болады. Қатысушылар әлеуметтік желілерде




кітаптың тарихын бөлісе алады. Ол үшін кітаптың немесе сыйлықты алған адамның суретін не қысқа бейнежазбасын жариялап, кітап пен оны алған адам туралы әңгімелеу керек. Сонымен қатар марафонның ресми парақшасы @kitap_oqityn_ult белгіленіп, #СағанКітапАрнадым #КнигаДляТебя #BookForYou #Republicday хештегтері қолданылуы қажет.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫНДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР

Ұлттық музейде Республика күні мен Тәуелсіздіктің 35 жылдығы аясында «Тәуелсіздік тұғырындағы тұлғалар: ғылым мен мәдениет қайраткерлері» атты көрме ашылды.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еліміздің ғылымы мен мәдениеті экономикалық қиындықтарға тап болғанына қарамастан, бірқатар көрнекті ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері ұлттық құндылықтарды сақтап қалу, ғылыми мектептердің сабақтастығын жалғастыру және жаңа қоғамдық-мәдени ортаны қалыптастыру жолында қажырлы еңбек етті. Олардың қатарында мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков, ғалым-экономист Кенжеғали Сағадиев, антрополог Оразақ Смағұлов, медицина ғылымының көрнекті өкілі Төрегелді Шарманов, археолог Кемел Ақышев, жазушы-этнограф Ақселеу Сейдімбек және басқа да ғылым саласының көрнекті өкілдері бар.

Егемендіктің елең-алаңында ұлттық өнердің дамуына, жас буынның шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға және қазақ мәдениетін халықаралық деңгейде танытуға Әзірбайжан Мәмбетов, Асанәлі Әшімов, Ермек Серкебаев, Еркеғали Рахмадиев, Болат Аюханов, Роза Рымбаева, Жәния Әубәкірова, Айман Мұсақожаева, Тұңғышбай Жаманқұлов, Төлеген Мұхамеджанов, Нұржамал Үсенбаева, Ерік Құрманғалиев сынды өнер қайраткерлері айрықша үлес қосты.



Көрме экспозициясынан аталған тұлғалардың жеке заттары, қызметтік құжаттары, қолжазбалары, марапаттары, фотосуреттері, жеке мұрағат материалдары, сыйлықтары және шығармашылық қызметіне қатысты басқа да құнды жәдігерлер орын алды.

Көрермен назарына ұсынылған ерекше жәдігерлердің қатарында Асанәлі Әшімовтің «Қыз Жібек» фильмінде Бекежан рөлін сомдау кезінде пайдаланған қылышы, «Атаманның ақыры» фильмін түсіру барысында қолданған камера, Кемел Ақышевтің 1955 жылғы экспедициясы бағытының сызбасы, Кенжеғали Сағадиев, Ерік Құрманғалиев, т. б. қайраткерлердің мемлекеттік наградалары, сондай-ақ Роза Рымбаева, Болат Аюханов, Айман Мұсақожаева, Нұржамал Үсенбаева сынды өнер майталмандарының сахнада киген киімдері бар.

Көрмені 15 қарашаға дейін тамашалауға болады.

№126 (5024) 24/10/2026 Сенбі

САЙЫН МҰРАТБЕКОВ – 90 ЖЫЛ



МЕНІҢ САЙЫНЫМ

Қазақ прозасының хас шебері, көрнекті қазақ жазушысы, Жазушылар одағының М.Әуезов атындағы әдеби сыйлығының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сайын Мұратбековтің шығармаларын бала кезімде сүйіп оқығанмын. Қазір де қайталап оқудан жалықпай келемін. Кез келген туындысы өзіне бірден баурап, ішкі жан дүниеңді тебірентіп, қайта-қайта оқуға ынтызар қылады. Оқып отырып, шығармадағы (әңгіме, хикаят) әр кейіпкермен бірге қуанып-жұбанып, мұңайып-жабырқап қаласың. Жазушының шеберлігі сол, әңгімесін оқып бастағаннан-ақ көңіліңнің бір түкпірінен кейіпкерге деген жып-жылы сезімнің оты жылт етіп жанып, лапылдай жөнеледі.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ТОҒЫШАР

Қазір урбанизация деген сөзді көп айтып жүрміз. Қалалық қазақтың психологиясын, өмір сүру салтын дәріптейік деген бағдар бар. Цифрлық урбанизация қазақтың ой-санасын жаулап алды. Жаһанданған заманда ұлттық санамыз да цифрланып жатыр. Классикалық урбанизация қазақ әдебиетінде ғажайып сомдалды. Цифрлық урбанизацияны түсіну үшін, әлбетте, классикалық урбанизацияны айналып өте алмаймыз. Бұл тақырыпқа қалам тербемеген жазушы кемде-кем. Десек те солардың арасынан сүйіктi жазушым Сайын Мұратбековтің шығармаларының шоқтығы биік. Бір ғана «Ата» атты әңгімесін алайық. Адам баласының бойындағы ең үлкен бақытсыздық өзімшілдік екенін қарапайым тілмен суреттейді. Тоғышарлықты нысанасына алып, аяусыз кескілейді. Бас кейіпкер Бекеңді осы рухани кеселге қарсы тұратын күш етіп бейнелейді. «Алғашқы амандықтан кейін Бекең де, Бағаң да үнсіз болатын. Ауыл-аймақтың, ағайын-туғанның амандығын сұрар деп Бекең жауап беруге оңтайланғанымен, баласының әлпеті олай болмады. Бағаң тас боп қатқандай алға қарап, мелшиген қалпынан қозғалар емес». Осы жердегі Бекеңнің іс-әрекеті – надандыққа жасаған соққысы. Ол, қазіргі тілмен айтсақ, ұлттық кодымыздың «носителі». Бірақ ол урбанизацияның алдында дәрменсіз.

Әңгімедегі Бағаң мен Сәния да урбанизацияның жемісі. Бағаң – трагедиялық кейіпкер. Өзі оқыптоқыған, интеллигент адам болса да, ұлттық санасы таяз, салт-дәстүрден безінген бейбақ. Ол ешкімге зияны жоқ адамдай көрінгенімен, өз әкесіне, туған-туыстарына, ұлтына немқұрайдылығымен, қазақы қалыпқа самарқаулығымен жиіркенішті. Көп жыл көрмеген әкесімен сөйлесуге зауқының жоқтығы, ол аздай-ақ, үйленген кезде жетімін деп жұртты алдағаны Бекеңнің ғана емес, оқырманның да жанына қатты батады. Қазір қалада Бағаң тәрізді түп тамырынан, өсіп-өнген топырағынан біржола жеріген жандар көп. Жазушы шығармадағы бір ғана сөйлеммен оның бет-бейнесін ашып береді. «Өйткені әдемі киінген салдырлы жігіт Бекеңнің сұрағанына құштар да емес сияқты».

Сәния – қалалық қазақ әйелінің жиынтық бейнесі. Бағаңға қарағанда сәл жағымдылау көрінгенімен, қазақылықтан жұрдай. Автор оның тоғышарлық тұрпатын: «Бекең сәбиді өзіне тартып құшырлана сүйген, осы кезде ішкі бөлмеден халатын киіп шыққан келіні ұмтылып келіп, Қанатты көтеріп алды. Үлкен көздері тікенекше қадалып, Бекеңнің өңменінен өтті.

– Олай сүюге болмайды, ата, – деді қатал ескертіп.

– Сіз насыбай атасыз, баланың бетіне жара түсіресіз ғой.

Бекең сөз айта алмады.

Бағаң бірдеңе деп міңгірлей бастап еді:

– Сен қыстырылма, – деп Сәния оны да басып тастады» деген эпизодта әшкерелеп береді.

Қалалық қазақ әйелінің бойында кездесетін ұсақтық, дөрекілік, меңмендік Сәнияның әрбір қылығынан байқатпайын десе де көрініп қала береді. Мына екі сөйлеммен автор ерлі-зайыптының шын келбетін ашып кестелейді: «Әлден соң, бағанадан ауыз бөлмеде күңкілдескен баласы мен келіні кірді. Екеуінің келіспей қалғандары томсырайған қабақтарынан белгілі еді». Ол Бекеңмен бір диалогта: «Қарт адамды бағып-қағу...» деп сөзінің соңын жұтып қояды. Яғни ауылдан келген қайын атасын бағып-қаққысы келмейтінін астарлап жеткізіп отыр. Бекеңді үйіне шығарып салуға шыққандағы қатты қуанғаны тоғышарлықтан айығуы қиынның қиыны екенін меңзейді.

Шығармада кейіпкерлер көп емес. Жабық қалпында болса да, бір ғана жерінде Бекеңмен диалогқа түсетін Сәнияның әке-шешесінің ойөрісінің тарлығы жиіркеніш сезімін туғызады. Үлкен ғалым бола тұра ақсақалмен дұрыс сөйлесе алмауы, қарапайым әдептілік пен мәдениеттен жұрдайлығы меңмендігін жасырмай тұр. Біздің қазақта жоғары қызмет атқаратын адамға жалпақтау, көлгірсу, жағымпаздану деген жазылмайтын дерт бар. Адамдардың бір-бірін қорлауына себепкер болатын да осы дерт. Телефон тұтқасын көтерген Бекеңе ыңырана, тұтыға сөйлеген екеу – өркениетті қаладағы мешел санадан шыға алмай қалған қазақтың шын бейнесі. Ізгіліктің түбіне жететін де осы өзімшілдік. Қожа Ахмет Яссауише айтсақ, «менменнің барар жері – тамұқ».

Лирикалық психологизмді шебер суреттейтін жазушының әңгімесіндегі тағы бір көңіл аударатын кейіпкер – Қанат. Періштедей пәк сәбидің санасы рухани мешелдікпен лайланбаған. Оған адам баласының бәрі дос, жақын. Рухани құндылықтардан мақұрым, жаңашылдыққа енжар қарайтын, өз қамымен ғана жүретін жандардың ішінен Қанатты ізгіліктің құтқарушысы етіп көрсетеді. Сол сәби өмірінде көрмеген атасын жатырқамайды, жатсынбайды. Керісінше, атасының тақиясын киіп, кішкентай саусақтарымен сақалына жармасып, өзінше ойнайды. Атасы есімін сұрағанда еркелеп келіп, бетіне бетін тигізуі

> Жазушы жер бетіндегі екі аяқты, жұмыр басты пенденің зор кемістігі – қара басының қамын күйттейтін тоғышарлықтан сақтануға үндейді. Қала қазағының ұлттық дәстүр-салтымызды берік ұстанғанда ғана өркені өсер ел болатынымызды меңзейді

жүрегіңді шым-шым еткізіп, жан дүниеңе жып-жылы сәуле құйып жібереді.

Әңгіменің шарықтау шегінде пойыздың жүруін күтіп тұрғандағы оқиға тіптен әсерлі. «Қанат әкесінің қолында тұрған қалпында, еңкейіп кеп Бекеңнің бетіне бетін тигізіп мәз болады». Тоғышарлықтан таяқ жеген Бекеңнің жанына жылу сыйлаған бір ғана нәрсе – осы. Бір ғана сөйлем арқылы жазушы пәлсапалық ойын жеткізеді. Баланың жан дүниесі таңғы шықтай таптаза. Бірақ ол – урбанизацияның уысында қалған қалалық ұрпақ. Санасы мен дүниетанымы ұлттық құндылықпен суғарыла ма? Әлде ұлттық негізінен ажыраған, космополит ұрпақ болып қала ма? Оқырманды осыған ойлануға шақырады. Жазушы жер бетіндегі екі аяқты, жұмыр басты пенденің зор кемістігі – қара басының қамын күйттейтін тоғышарлықтан сақтануға үндейді. Қала қазағының ұлттық дәстүр-салтымызды берік ұстанғанда ғана өркені өсер ел болатынымызды меңзейді. Қала қазағы мен ауыл қазағының психологиясы, дүниетанымы, арман-мұраты бір-бірімен неге қабыспайтынын әңгімедегі кейіпкерлердің жан дүниесінен анық көреміз.

Сайын Мұратбеков надандық, ұсақтық, өзімшілдік тәрізді адамның бойындағы кеселдерге «Қызғаныш», «Қысқы кеш», «Таңғы шық», «Ананың арманы», «Жанболат», «Табылмаған мекен», «Махаббат», «Үскірік» атты әңгімелерінде кейіпкерлерінің іс-қимылымен аяусыз соққы береді. «Қызғаныштағы» ерлі-зайыпты – Дауылбай мен Мағияның тұла бойындағы қаскөйлік, жек көрушілік, күншілдік, сатқындық оқырманды ә дегеннен-ақ қатты қапаландырады. Мына бір көріністе Мағияның залымдығы ашық жазылады: «Бағиланың кеңсеге бара жатқанын Мағия есігінің алдында тұрып көрді. «Қайқаңдап жүруін зәндемінің» деді өртенердей болып. Дереу істеп жүрген шаруасын тастай салып, үстіне пальтосын ілген қалпында, сүріне-қабына үйден бұл да шықты. Дәл осы кезде екі бұзауын ертіп, бас жібін сүйреткен қалпы, есігінің алдына кеп, кесе-көлденең тұра қалған қоңыр сиыр көзіне тікенектей қадалды». Суайт әрі озбыр председатель Дауылбайдың өте-мөте шебер көлгірситін бейнесін тамаша суреттейді. Залымдық пен тоғышарлық адам баласына тек опық жегізетінін астарлап айтады.

«Үскіріктегі» Қайрақтың өмірі кісі қызығарлықтай емес, өйткені ол кеміс болғандықтан сүйкімсіз жан. Автор Дәнеш пен Қайрақтың арасындағы күншілдікті табиғаттың құбылысымен салыстырмалы түрде өте сәтті кестелеген. «Әлгінде ет қызулықпен сезбепті, үскіріктің ащы зәрі күшейіп, кешкілікке қарай сары шұнақ аяздың құтырына түскен түрі бар». Осы жерде адамның іштарлығы мен табиғаттың долылығын тамаша түйістіріп, оқырманды бір мұңайтып, бір ойландырып отырады. Күншілдіктен қатты азап шеккен Қайрақтың жан дүниесінің жұтаңдығын, нағыз бақытсыз адам екенін біліп, тоғышарлықтан түңіліп, ойдың теңізіне батып кетесің. «Таңғы шықтағы» Тұраш та, «Ананың арманындағы» бала Жеңіс те, «Жанболаттағы» Жанболат та, «Табылмаған мекендегі» Уәзипа да, «Махаббаттағы» Әсия да адам бойындағы осынау жиіркенішті құмарлықтардан қиянат көреді.

(жалғасы бар)

ҚАЛАНЫҢ МӘДЕНИ ҚОРҒАНЫ

Қазір біз қала туралы көп айтатын болдық. Өйткені қалалық ұлт деңгейіне көтерілдік. Бүгінде қазақтың 71 пайызы шаһарды мекендейді. Астана жұртының 83 пайызы – түбі ауылдан шыққандар.

Жалпы қазақ түсінігіндегі «қала» ұғымын талдау мен таразылау қызық жағдайды ұғындырады. Тіл тұрғысынан қал / қала / қалау / қалану болып түрленуіне қарап, Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге / Кетігін тап та, бар қалан» өлең жолдары еске түседі.

Мысалы, дәстүрлі қазақ түсінігінде ауыл – өніп-өскен бір әулеттің мекені. Әрі кеткенде 9-12 үй. Енді XVIII-XIX ғасырда қазақ даласын әуеден (бүгінгі дронмен шолғандай) қарадық делік, 5 млн халық, оның ақшаңқан, ақбоз үйлі ауылдары қалай көрінер еді? Ақтанбердінің бек-мырзалар күйін сипаттаған «Ойпаң жерге – он отау, Қыраң жерге – қырық шатыр» делінген толғауындағы деректі елестетіңіз...

Енді қалайық-қаламайық, қиындықпен орнаған кеңестік ұжымдастырудан кейінгі «ауылдар» – бұрынғы түсінікпен парықтағанда, шағын кент пен ортаңқол қаланың ортасы. Омбы жағына бара қалсаңыз, көнекөздер кәдімгі селоны «орыс қаласы» деп отырады. Бұл жазушы С.Мұқанов жазбаларында да кездеседі.

Жоғарыдағы салыстыру арқылы айтпағымыз – қазақ заманауи отырықшылық үрдісімен осыдан 80-90 жылдай бұрын-ақ түрлі деңгейде қалалана бастаған. 50-60-жылдардан ауылдарда түтіні түзу шыққан мектеп, кітапхана, клуб, фельдшерлік пункт, МТС, т. б. соның нышаны-тын.

Айтпақшы, бұл еңбек пен маңдай тер жемісін көлденең көк аттыларға емес, халқымыздың қанжығасына байлаймыз.

Сонымен, біз – талай уақыттан қала мәдениетін игергендерміз. Көне дәуір шаһарлары – бөлек әңгіме.

Бүгінгі 70 пайыздан асқан қала қазағының, 30 пайыздай түрлі этнос-тамырымыздың арман-аңсары, ой-пайымы, өткенді, бүгінді һәм болашақты тануы, көркемдік көкжиегі, талғам-таразысы қалай қалыптасып-дамып жатыр – осының бәрін зерделеу, байыптау, жобалау, бейнелеу – ғалымдардың, ақын-жазушылардың, драматургтердің міндеті.

Сұлтанмахмұттың «Дала ақыны мен қала ақынының айтысы» атты поэмасы бар. Айтыс өзегі – қазақ өмірі мен тағдыры. Ақын түсінігінде қала – жаңалық пен жаңашылдықтың, мәдениет пен табыстың мекені. Ол дала ақынын төмендетпей, қаланы халық қалаған талғаммен сипаттайды.

Жалпы әлем әдебиетінде қала – адам тағдырын сынайтын, шыңдайтын, жетілдіретін мекен. Табиғаттай таза мекен (ауыл, қышлақ, айыл, хутор, деревня, т. б.) үлкен аумақпен, заманына сай өндіріс-кәсіпті аймақпен, яғни шаһармен түйіспей қоймайды. Өйткені оның арғы жағында ел, мемлекет ұғымы тұр. Әл-Фарабидің «Қайырымды қаласы» – мемлекет туралы трактат.

Қаланы тануда, түсінуде, оның заңдылықтарын байыптауда өмір шарты мен көркемөнер шарты қаламгердің пайым-парасатына байланысты. Екеуін игерген соң, талғам-таразы, ең бастысы шеберлік ақын-жазушыны, драматургті ой-толғамға жетелейді.

XX ғасырдың 30-40-жылдары Жазушылар одағы «өмірді таны» деп, қаламгерді өндіріске жіберетін. Қазіргі ақын-жазушы мың құбылған қала қоғамының ішінде жүр. Кейде өзі де кейіпкер.

Қала тұжырымы, қала тарихы, қала және жад, қаладағы орта, қала һәм арман, қала һәм тағдыр, қала һәм өнер, шаһардағы саяси, әлеуметтік, философиялық сюжеттер... жалғаса береді.

Бүгінгі қаладағы орта мектеп – нағыз сынақ, жетілу, күресу алаңы. Ол жерге отбасы мен қоғамның үлгілі мәдениеті, озық білім мен инновация, тәрбиешінің, психологтің, мұғалімнің дұрыс бағасы, жеке өнегесі барған сайын бала ағарады, бәсекеге ұмтылады, биік асуларға қаймықпай қадам басады.

Мәдениетке, соның ішінде кітап пен кітапханаға ынталандыру қалада ыңғайлы. Мүмкіндік мол. Зумер және альфа ұрпаққа аз уақытта көп яки пайдалы нәрсе беру үшін ақын-жазушыға да, өнер адамдарына да ізденіс қажет. Мысалы, қалада аса күрделенген отбасы, әке мен бала, шеше мен қыз қарым-қатынасы, тәрбие, имандылық, мәдениет, дәстүр, т. б. туралы 3-5 минуттық анимациялар мен рилстерді (ролик) көбейту өзекті. Бұл жерде де авторлық шеберлік, ізденіс керек. Жасөспірімдер мен жастарға театр-кино актёрлері сомдаған рилстер өтімдірек. Әлеуметтік желіні осылай салмақтандыруға болар еді.

Кітапханаға келсек, тіл-әдебиет пәні мұғалімдерінің сабаққа, туындыға (роман, повесть, пьеса, т. б.) қызықтыра білуі маңызды. Астананың шетіндегі бір кітапхана қызметкері «Жанымыздағы орта мектептің орыс әдебиеті пәні мұғалімнің еңбегін кітапханаға жиі келіп, классика оқитын оқушылардан көруге болады» деген еді.

Қала баласының, жастарының мәдени қорғаны – кітап, өнер туындылары.

Кітап жүйелі ойлауды қалыптастырады, сөздік қорды көбейтеді. Ақпаратты талдауды да үйретеді.

Психологтар мына қызық құбылысты жазады: 10 минут кітап оқу адам бойындағы күйзелісті (стресс) 60-70 пайызға азайтады. Иә, жақсы кітап музыка мен саяхаттан да қуатты. Сондай-ақ көзбен оқудың миды дамыту, есте сақтау қабілетті арттыру жағы да басым. Электрондық кітаптың мұндай әсері әлсіздеу.

Осы жылы 16 мамырдағы Президенттің кітап оқу мәдениеті мен зерделі ұлт қалыптастыруға қатысты Жарлығы қоғамды, жас ұрпақты дұрыс бағытқа салуға ықпал етеді деп сенеміз. Бұл бағытта «Әділет» партиясы да жалпыұлттық бағдарлама және арнайы заң қабылдауға мұрындық болмақ.

Қаланың да, даланың да мәдени қорғаны – интеллектуалдық, рухани-шығармашылық еңбектер. Жаңа заманда осы мүмкіндікті азшылық емес, көпшілікке айналған шаһар азаматтары бастамашылықпен жүзеге асырады деп үміттенеміз.

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,
Құрылтай депутаты,
ҚР ҰҒА академигі



Әбдіғани БӘЗІЛХАНҰЛЫ

АҚОРДА – ҚАЗАҚТЫҢ АЙБЫНЫ

Төбесі көктеңбіл аспанда,
Бұлттардың желбіреп желегі.
Астана маужырап жатқанда,
Алтын ай аймалап өбеді.

Айдында дірілдеп сағымы,
Айлардың айғызды-жамалы.
Астана бақтары – лағылым,
Арқаның ақ маңдай самалы.

Найқалған ну орман жайқалған,
Қайыңдар билейді бұралып.
Сүліктей су жорға тайпалған.
Ағады аймаңдай пырағы.

Ертеңге бүгіннен самғарым,
Оғландар отанын сүйетін.
Ән салып оянар таңдарым,
Әдемі үміттер, ниетім.

Шер басқан бабалар – тарланым,
Тұлпарын тер басқан аяным.
Бабалар аңсаған арманым,
Тәуелсіз елдегі баяным!

Төсінде тірлігі дөңгелеп,
Уақыт керуені заулаған.
Өмірім өзгеше өңгеден,
Өңірім – Жер шары аумаған.

Мызғымас кентім, тірегім,
Елімнің сарқылмас байлығы.
Әлемнің ең асқақ айсбергі –
Ақ орда қазақтың айбыны!

Заманы ғажайып даланың,
Жасқанба, жәннәтім сүйікті.
Астанам – бас қалам қамалым,
Байрағың мәңгілік биікте!

Әділбек ҚАБА

ҰЛЫ ДАЛА БАРЫСЫ

Тарихты оқы, обалардан, тастардан,
Ұлы елсің, қас дұшпаны жасқанған!
Біле білсең адамзаттың дамуы,
Ұлы далам, кіндігіңнен басталған!

Жүрген кезде табандарын тас тіліп,
Атты үйретті, түз тарпаңы бас біліп.
Қола, темір, мыс пен алтын қорытып,
Алтын адам киіміне оқа бастырып.

Көп дұшпанның ашылған-ды араны,
Жауламақ боп иен жатқан даланы.
Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы болып қорғаған,
Қанға батып балағы.

Ашина боп Көк бөріні еміп ек,
Ер төресі Құтлық пен Тоныкөк,
Күлтегін де, Білге, Мөде, Аттила,
Шыңғыс қаған, Бабыр да біз болып ек.

Ер Түрік боп атқа қондық ел үшін,
Өр Алтайдан Еуропаға дейін өрісің.
Түркеш, Қарлұқ, Оғыз
болып жан қиған,
Ата қоныс жері үшін.

Қимақ деген қағанат та құрғанбыз,
Қарақытай, Қараханың – бұл да біз!
Қыпшақ болып бар әлемді сілкінтіп,
Білім-ғылым көзі болып тұрғанбыз!

Моғол менен Мәуренахр, Орда біз,
Еуропа мен Римге де барғанбыз!
Біз тарихта басқыншы емес,
«Римді құтқарушы!» деген
атпен қалғанбыз.

Өркениет бастауында тұрғанбыз,
Ибн Сина, Фарабиді туған біз.
Ашинадан келе жатқан жолменен,
Қазақ деген мемлекет құрғанбыз!

Бұл қазақтың несі қалды көрмеген,
Күндер өтті азаттыққа шөлдеген,
Таланса да, жоғалтпады рухын,
Жолбарыстай өзін-өзі емдеген!

Көрсеткенбіз мына әлемге сан үлгі,
Биік қойдың жерің менен арыңды,
Тәуелсіз ел – Ұлы дала барысы,
Қазақстан азат ел боп танылды!

Дос боп келсең,
айдын шалқар көлдейміз,
Күн сөнгенше біз де мәңгі сөнбейміз!
Қажет болса, жанымды алсын,
бірақ та Тәуелсіздік!
Сені ешкімге бермейміз!

Жұлдызай ЫСҚАҚ

ЖЕЛБІРЕ, КӨК БАЙРАҚ!

Мен азаттықты жырласам,
Ауызымнан от бүркіп,
Көздеріммен көк түртіп,
Айбаттанып кетемін.
Қазақтықты жырласам,
Тарихты айтып, текті айтып,
Батырды айтып, бекті айтып,
Айға аттанып кетемін.
Кешкенімді жыр етсем,
Сан заманғы зарды айтып,
Қанға оранған арды айтып,
Желтоқсан боп кетемін.
Шөккенімді жыр етсем,
Аралды айтып, сел болып,
Семейді айтып, сенделіп,
Жел соққан боп кетемін.
Батырымды жырласам,
Көк бөрі боп, айға ұлып,
Жорға мініп, найза іліп,
Құрлық кезіп кетемін.
Ақынымды жырласам,
Белді жырмен қатайтып,
Патшаға да дат айтып,
Шындыққа еріп кетемін.
Бүгінімді жырласам,
Бағымды айтып, барды айтып,
Азат атқан таңды айтып,
Арман құшып кетемін.

Тұғырымды жырласам,
Елтаңбамды төрге іліп,
Көк туымды желге іліп,
Аспанға ұшып кетемін.
Астанамды жырласам,
Бәйтерек боп биіктеп,
Сәулетімді жиып кеп,
Сұлуланып кетемін.
Әнұранды жырласам,
Ән құшағын рух кернеп,
Жер мен көкті көкпеңбек,
Шұғыла ғып кетемін.
Көк байрақты жыр етсем,
Нұр төгіліп көздерден,
Қыран ұшып кеудемнен,
Көкке самғап кетемін.
Елтаңбамды жыр етсем,
Шаңырақ астын жайланып,
Қанаттыға айналып,
Көпті шарлап кетемін.
Қолдағымды жырласам,
Тәуелсіздік таңы үшін,
Жаратқанға бәрі үшін
Тәубемді айтып өтемін.
Арманымды жырласам,
Азат күннің астында
Қазақпын деп хас тұлға,
Әлемге айтып өтемін.
Кеңдігімді жырласам,
Көкте күннен от алып,
Алпауыт ел атанып,
Еңсем тұрар көк бойлап.
Елдігімді жырласам,
Елдігімді жырласам,
Жүрек соқпай әнімсіз,
Жанарымда дамылсыз,
Желбірейді көк байрақ!

Индира КЕРЕЕВА

ҚАЗАҚ ДЕГЕН ЕЛ ЕДІК

Әлмисақтан адал болған азығы,
Маңдайында жазуы бар төрелік.
Қанында бар қайсарлығы, қажыры,
«Қазақ» деген ел едік.

Аман болшы атажұртым, алтын кен,
Аспаныма шықса ай, күн.
Қарашығым, қарапайым
қалпыммен,
Саған ғана ұқсаймын!

Елім менің, мейірбаным, мерейім,
Пейілің кең дала ма?
Тыңдашы енді, өлең оқып берейін,
Бесіктегі балаңа.

Саған деген көңіл бейне көл тұнық,
Талбесігім, тәу етем!
«Қазақпын!» деу аузыңды толтырып,
Басыбайлы бақ екен!

Нағашыбай ҚАБЫЛБЕК

ОТАНЫМ!

Осы жер мекенім, жатағым,
Бұйырған дәм-тұзын татамын!
Қиналып, қалжырап жүрсем де,
Мен сені сүйемін, Отаным!

Мен сенен күш алдым, от алдым,
Білесің жауыма қаталмын!
Ұрпағым жыламау үшін де,
Мен сені сақтаймын, Отаным!

Біреудің болғанша отары,
Ұл болып өлейін баталы!
Қорғаймын елімді, жерімді,
Тек сен тұр артымда, Отаным!

Естіртпен дұшпанның жат әнін,
Жолына бөгет боп жатамын!
Көнемін азапқа, тозаққа,
Сен үшін, аяулы Отаным!

Сеземін арсыздар сатады,
Сол менің жаныма батады!
Тойынып көзге ілмей жатса да...
Сен маған қымбатсың, Отаным!

Қимылын бағамын бұтаның,
Сырына қанықпын жотаның!
Ешқайда сыймайды бұл басым,
Сенімен биікпін, Отаным!

Асқақтап тұрсын деп атағың,
Шоқтай боп қызарып жатамын!
Пендемін, мұңға да батамын!
Басымнан сипашы, Отаным!

Назгүл БЕРДІҚОЖА

АЗАТТЫҚ ЖЫРЫ

Азатпын деп күбірлейді тордағы үн,
Тордағы үннің сезінемін салмағын.
91-де тәуелсіз ел азат боп,
Сетінеді басымдағы сор қалың.

Біз бақ таптық – таңдай ояр тәтті бақ,
Тәңірім бар тілегіме сақұлақ.
Маңдайына маң даланы сыйғызған,
Алаш жұрты аз қиналған жоқ бірақ.

Қастық көріп достық көрер
жандардан,
Айырылып Исатайдай сардардан.
Жігерін құм, жүрегін мұң тырналап,
Махамбеттер жылап өткен
жалғаннан.

Жаратқанның екі болмай жарлығы,
Жанын қинап кең дүниенің тарлығы.
Хан Кененің басын кесіп алғанда,
Бассыз елді басынды ғой барлығы.

Табытындай ауыр ма еді атырап,
Жат жерлерде жанарлардың
жасын ап.
Ұлы Тұран тұтастығын тойлауда,
Мұстафаға бұйырмады топырақ.

Тәпей ҚАЙЫСХАНҰЛЫ

БЕУ, САРЫАРҚА

Беу, Сарыарқа!
Сары домбырам сарнаған,
Саз-күйіңді санама құй салмаған.
Құдіретті Құрманғазы саусағы,
Сені қалай сыйдыра алған, сардалам!

Беу, Сарыарқа!
Түскен күннен сәуленің,
Жырға бірін түсіре алмай әуремін.
Несіпбектей айта алам ба айнытпай,
Ақселеудей әуелетіп әуенін.

Беу, Сарыарқа!
Мен де жортқан бөрі едім,
Бөрі едім де нар төсінде өр едім.
Ғасыр аттап қайта оралған мекенге,
Басқашалау менің әнім, өлеңім.

Беу, Сарыарқа!
Бебеулесең бебеуле,
Бебеуле де берекеңді бер елге.
Керсамалға керіп ашқан кең сарай,
Керемет жыр құйылады кеудеме.

Беу, Сарыарқа!
Хикмет бар не түрлі,
Нәсерлеп кеп жуып-шаяр бетінді.
Бурабайдан бура бұлттар жөңкілер,
Абылайдың қалың қолы секілді.

Беу, Сарыарқа!
Дүбірлеткен тұлпарлардың тұяғы,
Құлағымда жаңғырығып тұрады.
Кенесары ханның өткен кешегі,
Гүілдейді боранмен бір туы әлі.

Беу, Сарыарқа!
Көкте айналып аш қыран,
Құлағымда зарлы күй мен ащы ән,
Жер көксеген жылқылар кеп жусанын,
Теуіп жеп тұр сүрі қардың астынан.

Беу, Сарыарқа!
Қысың ұзақ болғанмен,
Ырыс-байлық құшағыңа толған кең.
Тағдырыңды өлшеу қиын, шамасы,
Өрлі-қырлы қайшыласқан жолдармен.

Беу, Сарыарқа!
Өше қоймас кек табы,
Көкіректе сайрап жатыр тек бәрі.
Тоз-тоз болып кеткен дала торғайың,
Бір бұтаға қонып отыр кеп тағы.


Беу, Сарыарқа!
Бабалардың көзі едің,
Даналардың үзілмеген сөзі едің.
Домбырамның екі ішегі сияқты,
Есіл-Нұра егіз екі өзенім.

Беу, Сарыарқа!
Бар қазақты біріктір,
Күн шуағын жатқан шақта
құйып бір,
Бәйтерекке шығып алып биік дүр,
Қолым созсам көк аспанға тиіп тұр.

Беу, Сарыарқа!
Жеткенім жоқ ұш аттар,
Сүйші мені, құсшы мені құшаққа ап.
Сағынышым қанатына байланған,
Айнала ұшып жүр көңілдің
құсы аппақ.

№126 (5024) 24/10/2026 Сенбі





СУРЕТКЕРДІҢ СӘУЛЕЛІ ҒҰМЫРЫ

Кеше Ұлттық академиялық кітапханада көрнекті жазушы, публицист, баспагер, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дидахмет Әшімханұлының өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін өлкетанушы Ләззат Қажаеваның «Сәулелі ғұмыр» кітабының тұсаукесері өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Іс-шараны ашып, жүргізген белгілі қаламгер, әдебиеттанушы-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сауытбек Абдрахманов тұсаукесер Республика күні қарсаңында ұйымдастырылғандықтан, жиналғандарды ұлық мерекемен құттықтап, егемендіктің орнауына талай тұлға үлес қосқанын, солардың арасында Дидахмет Әшімханұлы да бар екенін атап өтті. Оның журналист ретінде жазған «Алтынсарин көшесінің ұзындығы 100-ақ метр» деген мақаласы кезінде намысты қайрағанына тоқталды. Жазушының елордаға келіп, «Астана ақшамы» газеті бас редакторының бірінші орынбасары қызметін атқаруына өзінің себеп болғанын тілге тиек етті. Дидахмет Әшімханұлы классикалық шығармаларды жазғанын, бір ғана «Аққабаның толқыны» әңгімесімен отбасындағы, қоғамдағы үлкен мәселелерді көтергенін айта келе, «Тасқала» әңгімесінің оқырманға әсері жөнінде әңгімеледі.

Белгілі ақын, Құрылтай депутаты Жанарбек Әшімжан Дидахмет Әшімханұлы жастарға өте жақын жүргенін айтып, жазушы өз шығармашылығын адамның тағдырын, адамның психологиясын ашуға, тек өзі туған шығыс елін ғана жазбай, бүкіл адамзатқа тән дүниелерді жазуға арнағанын атап өтті.

Белгілі журналист, публицист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанболат Аупбаев Дидахмет Әшімханұлымен қалай танысқанын әңгімелей келе, естеліктерді жаңғыртты. Жазушы прозаға көп қаламгер секілді поэзия арқылы келгенін, өзі құрастырған «Біздер де ақын болғанбыз» кітабына өлеңдерін енгізгенін жеткізді.

Естеліктер легін Өскеменнен арнайы келген Дидахмет Әшімханұлының досы, журналист, ақын Әлібек Қаңтарбаев, т. б. қаламгерлер жалғап, жазушының жарқын бейнесін еске алды.

«Сәулелі ғұмыр» кітабына келсек, бұл – бұрын шыққан кітаптың толықтырылып, сұрыпталып шыққан қайта басылымы. Онда қаламгердің өмір жолы мен шығармашылық мұрасы кеңінен таныстырылады. Қаламгердің әдебиетке қосқан үлесін, азаматтық болмысын және рухани құндылықтарын насихаттайтын туынды жазушы тұлғасын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

«АЛЖИР»-дегі ӘҢГІМЕ

Республика күніне орай Астана қаласының Мәдениет басқармасына қарасты Бірлескен мұражайлар дирекциясының ұйымдастыруымен «АЛЖИР» мемориалды музей кешенінде «Тарихи сәт» атты диалог-кездесу өтті.



Шапағат ӘБДІР

Тағылымды кездесуге көрнекті ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбай, алаштанушы-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Қайрат Сақ, ақын, тарих ғылымдарының кандидаты Сұраған Рахметұлы, сондай-ақ Бірлескен мұражайлар дирекциясының бас директоры Асқар Қалыбаев, өзге де зиялы қауым өкілдері және Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері қатысты.

Кездесудің негізгі мақсаты – ұлттық тарихты ұлықтау, Республика күнінің мән-маңызын кеңінен насихаттау, тарихи жадыны жаңғырту және жас ұрпақтың рухани-танымдық көзқарасын қалыптастыру. Басқосу барысында ел тәуелсіздігінің тарихи маңызы, саяси қуғын-сүргін жылдарының қасіреті, ұлт тарихындағы тағдырлы кезеңдер, кітап оқу мәдениетін дамыту мен «Кітап оқитын ұлт» бастамасының маңызы сөз болды.

«АЛЖИР» мемориалды музей кешенінде өткен кездесудің мазмұны тарихи жады мен ұрпақ сабақтастығы тақырыбымен астасты. Қатысушылар саяси қуғын-сүргін жылдарында жазықсыз жапа шеккен азаматтардың тағдыры, олардың ұрпаққа қалдырған аманаты және өткен тарихты ұмытпай, келешекке жеткізудің маңызы жөнінде ой қозғады. Тарихи деректер мен тағдырлы оқиғаларға негізделген әңгімелер жастарға ел басынан өткен ауыр кезеңдерді тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Жүздесу барысында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мәселесіне де айрықша назар аударылды. Зиялы қауым өкілдері әдебиеттің ұлттың рухани дамуына, тарихи сананың қалыптасуына және жас ұрпақтың дүниетанымын кеңейтуге қосатын үлесін атап өтті.

Іс-шара аясында белгілі ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, «АЛЖИР» мемориалды музей кешенінің директоры Дәулеткерей Кәпұлы сөз сөйлеп, елдік мүдде мен рухани құндылықтарды дәріптейтін бастамалардың маңызына тоқталды. «Байрағы биік байтағым» атты жазба ақындар мүшәйрасы жинағының тұсауы кесілді. Жинаққа ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығына және Астанаға арналған үздік поэзия шығармалары енді.


Қалалық ардагерлер және Есіл ауданы ардагерлер ұйымдарының кеңестері тыл ардагері
Батима МУХАМЕДЬЯРОВАНЫҢ
қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

НЕ? ҚАЙДА? КАШАН?
















Газетіміздің келесі саны 2026 жылғы 29 қазан күні шығады.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 126
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ